

Ақпараттық хабарлама	
22 мамыр 2012 жыл	

ҚМГ өз қызметін Еуропада да кеңейтеді

21 мамырда компанияның жалғыз акционері болып табылатын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ шешімімен Rompetrol Group компаниясының жаңа бас директоры болып жақын уақытқа дейін «ҚазМұнайГаз Өңдеу және маркетинг» акционерлік қоғамының бас директоры болып істеген Жанат Түсіпбеков тағайындалды.

Осы қызметті бұрын атқарған Садуақас Мерәлиев Ромпетролде Директорлар кеңесінің мүшесі болып жұмысын жалғастыратын болады.

«Аталмыш өзгеріс «Ромпетрол» тобының дамуындағы маңызды кезеңнің аяқтаушы жалғасы болып табылады. Осы жұмыстардың аясында «Петромидия» мұнай өңдеу заводын жаңғырту бағдарламасы аяғына дейін жүргізіліп, оның өңдеу қуаттылығы 5 миллион тонна шикізатқа жеткізілді. Сондай-ақ бірігу процесі мен оңтайландыру операциялары аяқталып, Ромпетролдың ҚМГ компаниялар тобына жақындасуы жүзеге асты. Осылайша, ҚМГ қызметін тек Қара теңіз аумағында ғана емес, сонымен бірге Батыс Еуропада да кеңейту жоспарын жалғастыру үшін қажетті алғышарттардың бәрі жасалды» деп атап көрсетті Ләззат Кетебайұлы Киинов компанияның басқарушы құрамымен өткізген мәжілісте.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттің мүдделерін білдіретін көмірсутегілерін барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау, жөніндегі қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларының 100%-і «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа тиесілі.

Қоғаммен байланыс департаменті	Департамент по связям с общественностью	Public Relations Department
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ		Қазақстан, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 www.kmg.kz